

«Халықаралық Қазақ тілі қоғамы»  
Қоғамдық бірлестігінің жарғысы

Алматы 1996 жыл

## **I ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. «Халықаралық Қазақ тілі қоғамы» қоғамдық бірлестігі қазақ тілін, сондай-ақ халқымыздың мәдениетін, әдебиетін, тарихын оқып-үйренуге, әдеп-ғұрпын сақтап, оны одан әрі дамытуға ынтызар Қазақстан Республикасында және одан тыс елдерде тұратын қандастарымыз бен басқа ұлт өкілдерінің басын біріктіретін ерікті ұйым. Қоғам өз жұмысын Қазақстан Республикасы Конституциясы, Тіл туралы заңы, Жарғы және халық аралық адамгершілік нормалар негізінде жүргізеді.

2. Қоғам, сондай-ақ ҚР мен шет елдердегі мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен, ғылыми мекемелермен және шығармашылық одақтармен, ұлттық-мәдени орталықтармен өзара сыйластық тең құқықтық негізде, олардың барлық мүшелерінің ынты-жігерін, ұсыныстарын қолдау, өзара үйлестіру арқылы жұмыс жүргізеді.

3. Қоғам Қазақстан Республикасында, шет елдерде (сол мемлекеттер ерекшелігіне қарай) құрылған бастауыш, аудандық, қалалық, облыстық филиалдардан (ұйымдардан) тұрады. Қоғам мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап, меншігінде мүлкі бар, банкі мекемелерінде дербес баланстағы есебі, мөрі мен өзінің аты жазылған бланкісі бар Заңды тұлға болып табылады.

4. Республика және басқа мемлекеттерде құрылған ұйымдардың негізгі орталығы – «Халықаралық Қазақ тілі қоғамының» штаб-пәтері орналасқан Алматы қаласы болып табылады.

Оның мекен жайы: Алматы қ-сы, Желтоқсан к-сі, 112

Қоғам істері ҚР-ң барлық жеріне тарайды.

## **II ҚОҒАМНЫҢ МАҚСАТЫ**

5. Қоғамның негізгі мақсаты:

Қазақстан Республикасы заңдарына сай:

- қазақ тілінің республикада және одан тыс жерлерде кеңінен қолданылуына байланысты мемлекеттік, қоғамдық әртүрлі ұйымдар мен ұлттық мәдени орталықтарға, жеке азаматтарға көмек көрсету;
- басқа халықтарды қазақтың ертедегі және осы заманғы мәдениетімен, әдебиетімен, өнерімен, дәстүрімен және тұрмыс-салтымен таныстыру;
- қазақ тіліне ықылас білдіруші елімізге және дүние жүзіндегі басқа өкілдермен достық қарым-қатынас орнатып, байланысты нығайту;
- жалпы азаматтық рухани-игіліктердің өріс алуына қамқорлық жасау;
- тиісті мекемелермен бірлесе отырып, қажетті ғылыми-әдістемелік, оқу анықтамалық құралдар, бағдарламалар, сөздіктер, қазақ тілін өз бетімен оқып үйренуге арналған тілашарлар мен көрнекі құралдар шығару;
- ұлттық мәдени орталықтармен (орыс, украина, түрік, неміс, корей, ұйғыр, т.б.) тығыз байланыс жасай отырып, республикада қазақ тілі мен өзге де тілдердің еркін дамуына септігін тигізу;
- қазақ тілінің республикадағы және шет елдердегі нақты жай-күйін әлеуметтік және статистикалық тұрғыда зерттеуді ұйымдастырып, оны дамыту, жетілдіру жөнінде тиісті орындарға нақты ұсыныс беру;
- қазақ тілін насихаттау мақсатында түрлі тәсілдер мен бұқаралық ақпарат құралдарын (радио, теледидар, баспасөз т.б.) кеңінен пайдалану;
- әр ұлт өкілдерінің басы қосылған қоғамдық орындарда, жиын-жиналыстарда, әлеуметтік-мәдени т.б. шараларды өткізу барысында бір тілден екінші тілге ілеспе аударма жүйелерін жасауға жергілікті басшылардың назарын аударып, тұрақты бақылауға алу;
- мектепке дейінгі мекемелерде, орта кәсіптік техникалық училищелерде, арнаулы орта білім беретін және жоғарғы оқу орындарында сабақты қазақ тілінде жүргізуге жан-жақты көмек көрсету, ата-ана мен оқушылардың ана тілін қастерлеп, құрметтеуіне ықпал ету;
- мерзімді басылымдар, ақпарат құралдары арқылы терминология, аударма, ономастика (жер-су, кісі аттары т.б.) тіл тарихы, тіл саясаты, іс қағаздары және басқа да мәселелер жөнінде кең түрде пікір алысып отыру;

- ғылыми-көпшілік басылымдар әзірлеу, тіл мәдениетін дамытуға және лингвистикалық білімді жетілдіруге арналған шараларды жүзеге асыру, тіл мейрамы мен лингвистикалық олимпиадалар, тақырыптық көштер мен кездесулер, оның үлгілерін жасау, мәслихат, ойжарыс, пікірсайыс мәдениетіне, тіл ұстартуға, тапқырлыққа тәрбиелейтін ұлттық ойын-сауықтар, түрлі салттық рәсімдер өткізуге атсалысу;

- шешендік өнерге баулу, қазақ тілінің қоғамдағы қызметін арттыру мақсатында көпшілікке жүйелі түрде лингвистикалық білім беретін Қоғам аясындағы «Тіл тағлымы» атты халық университетінің жергілікті жерлердегі тармақтарын құру;

- шет елдердегі тіл қоғамдары мен ағарту ұйымдарымен, мекемелермен, ғылыми және мәдени орталықтармен халық аралық байланысты жүзеге асыру.

### **III ҚОҒАМ МҮШЕЛЕРІ, ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

6. Қоғамға оның жарғысын мойындайтын және оның жұмысына белсенді түрде қатысып, жарнасын уақытылы төлеп отыратын Қазақстан Республикасы мен шет ел азаматтары мүше бола алады.

7. Қазақстаннан тыс жерде тұратын өздерінің бастауыш ұйымдарын құрып, оларды «Халықаралық Қазақ тілі қоғамы» қоғамдық бірлестігіне тіркейді.

8. Қоғам мүшелеріне әрбір адам ерікті түрде, оның бастауыш ұйымдары арқылы өтеді.

9. Қоғам мүшесіне билет беріледі, құртетті мүшеге сыйқағаз (грамота) тапсырады, мүшелік билеттің, куәлік пен сыйқағаздың үлгісін Қоғамның Орталық немесе Төралқасы бекітеді.

### **10 ҚОҒАМ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ**

- Қоғам мүшелері қоғамның барлық басшы орындарын сайлауға және оған сайлануға құқықты;

- Қоғамның ұйымдастыру, үгіт-насихат, оқу тәрбие және басқа да тәрбие жұмыстарына қатыса алады;

- Қоғам тарапынан мүмкіндігіне қарай қазақ тілі, мәдениеті, тарихы, дәстүрі және тұрмыс салты бойынша көкөйкесті ғылыми қаракеттік мәселелер жөнінде дәрістер оқи алады;
- Жалпыға арналған ғылыми-көпшілік басыламдар, тіл үйренуге қажетті түрлі сөздіктер мен анықтамалар дайындап, бастырып шығаруға қатыса алады;
- Қоғамның кез келген ұйымына, оның қызметі жөнінде өтініштер мен ұсыныстар айтып, мәжілістеріне қатысып, баспасөз, радио, теледидар арқылы қазақ тілінің неше алуан мәселелері бойынша ой пікір білдіре алады;
- бастауыш ұйымдарға мәлім ете отырып, өз еркімен Қоғамнан шыға алады;
- ана тілін зерттеуде, оның мәртебесі мен абыройын көтеруде және Қоғам жұмысына белсенділік танытып, еңбек сіңірген «Халықаралық Қазақ тілі қоғамы» қоғамының құрметті мүшесі деген атқа ие бола алады;
- Қоғам мүшелері мен штаттағы қызметкерлер құқығы ҚР Тіл туралы заңның негізінде қорғалады.

## 11. ҚОҒАМ МҮШЕЛЕРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

- Қоғам бағдарламасының, Құрылтай (Съезд) шешімдерінің орындалуына және оның түрлі мәдени, қоғамдық, қаракеттік шараларын іске асыруға жәрдемдесу;
- Өндіріс мен мәдениет, ғылым мен техника салаларында, мектеп жасына дейінгі тәрбие ошақтарында қазақ тілінің орындалып, қоладныс аясының кеңейіп, дами түсуіне ат салысу;
- тілдік қарым-қатынастың ұлттық мәдениетін көтеру, қостілдікті және көптілдікті дамыту;
- Қоғамның міндеттерін уағыздай отырып, оның қатарына жаңа мүшелер тарту, Жарғы талаптарын басшылыққа алып, тәртіпті бұлжытпай сақтау.

## **IV ҚОҒАМНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ**

### **БАСШЫ ОРГАНДАР**

12. Қоғамның ұйымдық негізін, ҚР территориялық белгілерімен жасалған, өзінің құрамында он адамнан кем емес біріктірілген құрылымдық бөлімшелер (одан әрі филиалдар) құрайды;

- Филиал Қоғамға кіру жөніндегі азаматтардың жазбаша өтініштері негізінде болатын құрылтай жиналысымен құрылады.

- Филиал басшылары конференцияда бес жыл мерзімге сайланады. Филиалдар Заңды тұлға құқына ие бола алмайды.

- Филиалдардың қоғамның мүлкінен бөлінген өзінше меншікті мүлкі болмайды.

- Филиалдар Жергілікті әділет органдарында тіркеуден өткеннен кейін, өздері жөніндегі Ережелер негізінде банкте есеп ашуға, мөр және белгіленген үлгідегі бланктер жасауға құқықты.

- Филиалдар Құрылтайда бекітілген осы Жарғы мен Ереже шеңберінде, Қазақстан Республикасының заңына сәйкес өзінің қызметін жүзеге асырады.

13. Қоғамның ең жоғарғы органы – бес жылда бір рет шақырылатын Құрылтай болып табылады. Қоғамның құрылтайына өкілеттік мөлшерін және сайлау тәртібін Қоғамның Орталық Кеңесі Төралқа белгілейді.

### **ҚОҒАМНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙЫ**

- Орталық кеңес пен Орталық тексеру алқасының есебін тыңдап бекітеді;

- Қоғамның Жарғысы мен Бағдарламасын қабылдап, өзгертулер мен толықтырулар енгізеді;

- Орталық кеңестің құрамын Төралқа және Тексеру алқасының мүшелерін, Қоғам Президентін ашық дауыспен баламалы негізде сайлайды. Ол Құрылтайға қатысқан делегаттардың 50%-нан астамы дауыс берген жағдайда сайланады деп есептелінеді;

- Президент Қоғамның бірінші вице-президентін Ұсынады. Оның Кандидатурасы да ашық дауысқа салынып, 50%-дан астам дауыс алған жағдайда сайланады.

14. Құрылтайлар аралығында Құрылтай сайлаған, кем дегенде жылына екі рет өз Алқажынына жиналып тұратын Орталық Кеңес және қызмет атқаратын Төралқа – Қоғамның жоғары атқарушы және басшысы орны болып табылады.

### 15. ҚОҒАМНЫҢ ОРТАЛЫҚ КЕҢЕСІ

- вице-президенттерді, Төралқа/ Президум/ мүшелерін сайлайды, не кері шақырып алады;
- Қоғам ұйымдарының қызметіне қатысты аса маңызды мәселелерді талқылайды, есеп беруге тиіс кәсіпорындар мен ұйымдардың, басылымдардың, кинобейне студия басшыларының, Қоғамның шетелдік ұйымдары және мәдени орталықтары, басқа да құрылымдары басшыларының, Төралқа мүшелерінің есептерін тыңдап, солар бойынша шешім қабылдайды;
- Қоғамның құрылымын белгілейді. Белгіленген тәртіп бойынша Қоғамның облыстық, қалалық, аудандық филиалдарын /ұйымдарын/ құру жөнінде шешім қабылдайды;
- Қоғамның жанынан халық университеттерін, сондай-ақ институттар, мәдени орталықтар, биралар, акционерлік қоғамдар, коммерциялық бөлімдер, банктер, баспалар, радио мен теледидар бірлестіктерін құру туралы шешім қабылдайды. Мұндай ұйымдардың шетелдерде де құрылуын қарастырады.
  - бюджет пен жұмыстың негізгі бағыттарын бекітеді;
  - Қоғамның арнайы сыйлықтарын, ордендерін, құрметті атақтарын, сыйқағаздары мен омырауға тағатын белгішелерін мақұлдап, олардың мәртебелік, тарту-таралғылық тәртібін бекітеді;
  - Қоғамның мақсатымен сәйкес келетін халықаралық ұйымдарға кіру немесе байланыс жасау мәселелерін шешеді.

16. Қоғамның Орталық Кеңесінің Төралқасы Алқажындар аралығында бүкіл ұйымдастырушылық-қарекеттік жұмыстарына басшылық жасайды.

Төралқа мәжілісі кем едегенде үш айда бір рет өткізіледі.

Төралқа:

- жұмыстың кезеңдік жоспарларын қарап, бекітеді;
- Қоғам ұйымдарының қызметін белгілейтін құжаттарды жасайды;
- Қоғамның жергілікті ұйымдарына ұжымдық-әдістемелік көмек көрсетеді және тәжірибелерін зерттейді, қорытындылайды, таратады және бақылайды;
- облыстық, қалалық, аудандық филиалдар, сондай-ақ Қоғамның шетелдік ұйымдары басқармаларының мәселесін қарап, қызметтен босатуға дейін шара қолданады;
- Қоғамның Орталық Кеңесінің Алқажыындарын шақыртады, мәжілістердің есепті баяндамалары мен материалдарын, ағымдағы басқа да құжаттарды дайындайды;
- қоғамның ұйымдық көпшілік және насихат жұмысына басшылық етеді;
- заң және басқа да ресми, қоғамдық орындарға ұсыныстар, Қоғамның қызметіне қатысты мәселелер бойынша ресми мәлімдемелер жасап отырады;
- Қоғамның төменгі буындарына және мүшелеріне ұйымдық-құқықтық көмек көрсетеді;
- қаржы шаруашылық қызметіне бағыт береді, кіріс-шығыс қаржысының нобайын түзеп, Қоғамның, оның ішінде Төралқа мен оған тікелей бағынатын төменгі буын қызметкерлерінің еңбекақысын көтермелеу тәртібін белгілеп, бекітеді, есеп алудың біртұтас жүйесін ұйымдастырып, банктерде есеп ашады;
- акционерлік қоғамдар, мәдени және тіл үйрететін орталықтар және т.б. құрылымдар ашу жөнінде шешім қабылдайды. Төралқа олардың жарғыларын, ережелерін, басқа да қалыптық құжаттарын қарап бекітеді;
- Қоғам мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік, қоғамдық және басқа да органдармен шарт жасайды, ресми және бейресми органдар мен ұйымдар да Қоғам атынан келіссөздер жүргізу үшін Қоғам мүшелеріне өкілеттік береді;
- оның санатына (номенклатура) кіретін адамдарды қызметке алу не босату жөнінде мәселе қойып, шешеді, олардың негізгі кәсіптік міндеттерін анықтайды;

- Қоғамның басқа да кезек күттірмейтін мәселелерін қарап, тиісті шешім қабылдайды.

## **ПРЕЗИДЕНТ, БІРІНШІ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ**

### **ЖӘНЕ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ**

Қоғамның Жарғысы, Бағдарламасы негізінде, Алқажыын мен Құрылтайдың шешімдеріне, басқа да шартты міндеттемелерге сәйкес Қоғамның барлық құрылымдарының күнделікті нақтылы қызметін ұйымдастырады, қабылданған шешімдердің орындалуын бақылайды;

- Қоғамның орталық аппаратының кадрларын іріктеп, тағайындау және шығару мәселелерін шешеді;

- республикада және одан тысқары жерлердегі мемлекеттік, қоғамдық және басқа да орындар мен ұйымдарға өкілеттік етеді;

- қаржылық-экономикалық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;

- облыстық, сондай-ақ облыстық мәртебеге ие қалалық филиалдардағы кадр мәселесіне араласады. Қажет болған жағдайда Төралқа мәжілісінде шешім қабылдайды. Төрағалардың кандидатурасын талқылап бекіту, не бекітпеуді шешеді.

17. Кезектен тыс Құрылтай Орталық Кеңестің немесе Республикалық, облыстық және шетелдік филиалдардың үштен екісінің немесе республикалық, облыстық және шетелдік филиалдардың жартысының талабы бойынша шақырылады. Кезектен тыс мәслихат (конференция) тиісті алқаның (бюроның) шешімі немесе облыстағы, қаладағы, аудандағы филиалдардың үштен екісінің талабы бойынша шақырылады.

Құрылтай, алқажыын, мәслихат делегаттардың кем дегенде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды болып есептеледі, ал шешімдер жай көпшілік дауыспен қабылданады.

18. Республика облыстық, қалалық, аудандық филиалдардың басқармалары және тиісті тексеру комиссиялары сайланатын мәслихаттар ең жоғарғы орын болып табылады.

## **ОБЛЫСТЫҚ, ҚАЛАЛЫҚ, АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛДАР**

### **19. ОБЛЫСТЫҚ, (ҚАЛАЛЫҚ, АУДАНДЫҚ) ФИЛИАЛДАРДЫҢ БАСҚАРМАЛАРЫ**

- құрылтайдың, мәслихаттың шешімдерін, жарғы талаптарын орындауды ұйымдастырып, оның жүзеге асуын бақылап отырады;

- өзінен төменгі буындағы ұйымдардың қызметіне басшылық жасайды;

- күнделікті жұмыстарды жүргізіп отыру үшін құрамында төрағасы, оның мүмкін болған жағдайда орынбасары, жауапты хатшысы мен басқарма мүшелері бар алқа сайлайды;

- қалалық, аудандық филиалдардың кадр іріктеу мәселесіне араласып, оларды қарап бекітеді. Жұмысқа келісім-шартпен қызметкер қабылдауды қалыптастырады;

- Тіл туралы заң талаптарына қайшы әрекет жасаған ресми мекемелер мен кәсіпорындар басшылары мен азаматтар жөнінде мәселе қозғайды;

- өзінен жоғары орындарға ұйымның қызметі туралы жылдық, тоқсандық, қаржылық және статистикалық мәліметтер береді.

### **20. Облыстық, аудандық филиалдардың алқалары:**

- Қоғам Құрылтайы, Алқажыын, мәслихаты шешімдерінің, Жарғы талаптарының орындалуын қадағалайды;

- Қоғамның филиалдарын құрады, олардың жұмысына басшылық жасайды, тәжірибелерін қорытып, бағыныстағы барлық ұйымдарға таратып отырады;

- оның санатына кіретін адамдарды қызметке бекітіп, сол қызметтен босату жөнінде мәселе қояды, жұмысқа келісім-шартпен қызметкер қабылдауды қалыптастырады;

- қалалық, аудандық және облысқа бағындырылған біріккен комиттердің төрағалары мен жауапты хатшыларының кандидатуралары облыстық филиал алқасында қаралып, бекітіледі;

- штаттағы кадрлардың білімін жетілдіру, оқыту жұмыстарын жүзеге асырады;

- түрлі мемлекеттік, қоғамдық мекемелерде, кәсіпорындарда, ұйымдарда іс-қағаздарының мемлекеттік тілде сауатты жазылуын қадағалап, Заңға сай жүргізілуіне жәрдемдеседі;

- тәрбиеленушілердің қазақ тілін меңгеріп шығуына жағдай жасау мақсатында жетім балалар үшін, интернаттарды, балабақшаларды қамқорлыққа алуды ұйымдастырады;

- қазақ және өзге ұлт тілдерін дамыту мәселелеріне қатысты қоғамдық инспекциялар, ғылыми-әдістемелік, түрлі комиссиялар мен секциялар, үйірмелер т.б. қоғамдық топтар құрып, оларға басшылық етеді;

- ана тілін дамыту, оның қоғамдық қызметін кеңейту жөнінде нақтылы шараларды ұйымдастырып, «Тіл тағылымы» халық университетінің жергілікті тармақтарын құрады;

- жергілікті ұйымдар мен ұйым басшыларының жұмыс жоспарын қарап, есебін тыңдайды, тиісті шара қолданады;

- қоғам мүшелерін тіркеу жұмысын жүргізеді;

- қоғам мүшелерінің жарнасын, ерікті түрде түскен қаржыны қабылдау жұмысын ұйымдастырады және оның тиімділікпен пайдалануын қамтамасыз етеді, ол қаржының пайдалануы жөнінде қоғам өз мүшелерінің алдында тұрақты түрде есеп беріп отырады;

## 21. Қоғамның негізі – бастауыш ұйымдар.

Бастауыш ұйымдар құру үшін оның мүшелері он адамнан кем болмауы тиіс. Қоғам мүшелерінің саны 300-ден асқан жағдайда біріккен комитет құрылады. Бастауыш ұйымдар мен біріккен комитеттер қоғамның ішкі құрылымы болғандықтан өз алдына жеке тіркеуден өтпейді. Олар жергілікті аудандық немесе қалалық филиалдардың ішкі құрылымына кіреді.

### **БАСТАУЫШ ҰЙЫМДАР МЕН БІРІККЕН КОМИТЕТТЕР**

- жұртшылыққа қоғамның міндеттері мен мақсаттарын түсіндіреді;
- өзінің құрамына жаңадан мүшелерді қабылдап отырады;
- қазақ тілін дамытуда, оның әлеуметтік қызметін кеңейтуге, септігін тигізетін шараларды өткізеді;
- жергілікті кәсіпорындар мен мекемелер іс-қағаздарының заңды талаптарына сай мемлекеттік тілде жүргізілуін бақылап, жәрдемдеседі;
- жетім балалар үйлерін, интернаттарды, балабақшаларды құзырлыққа алуға ат салысады;
- өзінен жоғары ұйымдарға, қоғамның айрықша белсенді мүшелерін ынталандыру жөнінде ұсыныс түсіреді;
- қоғам мүшелерінің жарнасын, сондай-ақ азаматтардан, кәсіпорындардан, ұйымдар мен мекемелерден түсетін басқа да қаржыны жинап, оны қалалық, аудандық филиалдар есебіне толығынан аударып, қаржының түсуі жөнінде жоғарғы орындар алдында есеп беріп отырады;
- бастауыш ұйымның жоғарғы басшы органы – кем дегенде әр тоқсанда бір рет шақырылатын жалпы жиналыс және ол қажеттілігіне қарай шақырылады;
- бастауыш ұйымды басқару үшін жиналыста оның төрағасы сайланады.

22. Біріккен комитеттер ірі өндіріс орындары мен жоғарғы оқу орындарында құрылып, өзіне қарасты бастауыш ұйымдардың жұмысына басшылық етеді.

## **ҚОҒАМНЫҢ ТЕКСЕРУ ОРГАНДАРЫ**

23. Орталық тексеру алқасы:

- кем дегенде жылына бір рет қоғамның есеп және қаржылық шаруашылық қызметінің жағдайын, ақшалай және басқа да қорды пайдаланудың орындылығы мен тиімділігін тексереді. Қоғамның ұйымдарына ұжымдық әдістемелік көмек көрсетіледі, ол жұмыстың нәтижелері жөнінде Құрылтайда есеп беріп, Орталық Кеңес және Төралқа жұмысын тексеру нәтижесімен таныстырып отырады. Сонымен бірге қажетіне қарай облыстық, қалалық филиалдардың қаржы жұмсауы қарекетін де тексеріп, қадағалайды;

- өз құрамынан комиссияның төрағасын, орынбасарын және хатшысын сайлайды;

- Қоғамның басшы және тексеру органдары, сондай-ақ құрылтайлар мен мәслихаттарға ұсынылған өкілдер ашық дауыспен сайланады;

- Құрылтай, Алқажыын, мәслихаттардың және жалпы жиналыстардың шешімдері ашық дауыспен қабылданады;

- Құрылтай, Алқажыын, Төралқа, мәслихат, басқарма, алқа немесе бастауыш ұйым мүшелерінің кем дегенде үштен екісі қатысу керек.

24. Тексеру топтары Қоғамның барлық ұйымдарында құрылып, облыстық, қалалық, аудандық, бастауыш және біріккен комитеттердегі тексеру комиссиялары түрінде қызмет етеді.

## **ТЕКСЕРУ КОМИССИЯЛАРЫ**

- өз құрамынан төрағасын, төрағаның орынбасарын және хатшысын сайлайды;
- қаржылық, шаруашылық және өндірістік іс-қағаздарының дұрыс жүргізілуін, қаражаттың дұрыс жұмсалуды тексереді;
- өз жұмыстары туралы маслихат, басқарма немесе жалпы жиналыс алдында есеп береді;
- тексеру жұмыстары кем дегенде жылына бір рет жүргізіліп отарады;
- Қоғамның басшы органдарын сайлаған мүшелер тексеру комиссияларының құрамына ене алмайды.

## **V. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫСЫ**

### 25. Қоғамның қаржысы:

- ай сайынғы мүшелік жарналарынан, сондай-ақ шетел азаматтарының жарналары мен қосқан үлестерінен;
- шығармашылық және басқа да ұйымдардың, сондай-ақ түрлі кәсіпорындардың, мекемелердің жекелеген азаматтардың ерікті жарналарынан, жәрдемдерінен, ақшалай көмегінен;
- газет, журнал және өзге де басылымдарды шығарудан түскен табыстардан;
- Қоғам жанындағы шығармашылық өндірістік бірлестіктер, акционерлік қоғамдар, ғылыми-әдістемелік орталықтар, шаруа қожалықтары, кооперативтер басқа да пайдалы құрылымдар арқылы түскен табыстардан;
- Қоғам мүшелерінің және шетел азаматтарының өсиеттік мұраларынан құралады.

### 26. «Қазақ тілі» қоғамының мүшелері ай сайын жарна төлейді.

Жарнаның көлемі Төралқа немесе Орталық Кеңестің мәжілісінде белгіленеді.

27. Қаржы жұмсау билігі Орталық Кеңестің Төралқасына тапсырылады.

28. Қоғам қаржысы бекітілген жоба – сметаға сәйкес Жарғы мен Бағдарламада көрсетілген мақсаттарға жұмсалады.

Соның ішінде:

- ғылым, насихат, оқу - әдістемелік жұмыстарға, еңбек ұжымдарында, тұрғылықты жерлерде, еңбекшілер арасында мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметі мен беделін көтеруге арналған түрлі шараларды өткізеді;

- жергілікті жерлерде жұмыс жүргізу үшін іссапарға;

- штаттағы қызметкерлерге жалақы төлеуге;

- қоғамның айрықша көзге түскен белсенді мүшелерін материалдық жағынан көтермелеуге, лауреат атағын алғандарға сыйлық беруге;

- қоғамның үй-жайын және оның жабдықталуына, күрделі жөндеу жұмыстарына, құрал жабдықтар алуына, өзге де шаруашылық қажеттіліктеріне;

- жекелеген қоғам мүшелерінің мұқтаждығына байланысты жәрдем беруге;

- тарихи, әрі мәдени жағынан аса құнды көне кітаптарды, қолжазбаларды, сөздіктерді қазақтың ән-күйлері, тіл сабақтары жазылған аудиобейне жазбалары, оқулықтарды, тіл шаралары, т.б. сатып алуға, түрлі аудармалар жасап, қажетті кітаптарды шығаруға жұмсалады;

29. Қоғам Қазақстан Республикасы банктеріндегі, шетелдік банктердегі валюталық ақшалай қаржыларын Жарғыда белгіленгендей мақсаттарға жұмсайды.

## **VI. ҚОҒАМДЫ ТАРАТУ ТӘРТІБІ**

30. Қоғамның қызметі керек болған жағдайда Құрылтайдың немесе соттың шешімі бойынша тоқтатылады. Қоғамды қайта құру Құрылтайдың шешімі арқылы, оған қатысушылардың үштен екісі дауыс бергенде ғана жүзеге

асады. Сондай-ақ Қоғамды қайта құру немесе тарату Қазақстан Республикасының азаматтық заңына сай жүргізіледі.

Қайта құру жөнінде Құрылтайдың шешімі болған жағдайда Құрылтай баланстық комиссия құрады, ал Қоғам таратылған жағдайда Қоғам мүлкі мен қаражат мәселелерін шешу үшін тарату комиссиясы құралады. Құрылтай шешімі бойынша «Қазақ тілі» қоғамы қайта құрылып немесе таратылған жағдайда, тіркеу органдарына шұғыл түрде хабар беріледі. «Қазақ тілі» қоғамы қайта құрылған жағдайда қалған мүлкі мен қаражаты оның орнын алатын қоғамға көшеді, таратылған жағдайда Жарғыда көрсетілген мақсаттарға жұмсалады.

**Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының**

**президенті**

**Ө. Айтбайұлы**